

ҚР СЫРТҚЫ САУДАСЫ

2022 жылдың қаңтар-мамыры

2022 Шілде

МАЗМҰНЫ

05 Сыртқы сауда құрылымы

10 Сауда шарттары

12 Сауда көрсеткіштері мен рейтингтері

13 Қауіп-қатерлер мен тәуекелдер

14 Келешектер мен үрдістер



Негізгі тұжырымдар



Қазақстанның тауар айналымы 2022 жылдың қаңтар-мамыры аралығында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 53.6%-ға өсті



Қазақстан үшін нарық жағдаяты оң сипат алуда. Соған сәйкес 2021 жылдан бастап, энергия тасымалдаушылардан түсетін экспорттық табыстар қалпына келе бастады. Мысалы, Brent маркалы мұнай бағасының бір баррелі 100 АҚШ долларын құрайды



Италия Қазақстанның өнімдерін ең көп сатып алатын елге айналды. Қазақстанның экспортының құрылымында бұл елдің үлесі 18.4%-ды құрайды



2022 жылдың 5 айы ішінде Қазақстанның сыртқа шығарған минералды ресурстарының бағасы 23.2 млрд долларды құрады. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен (12.8 млрд) салыстырғанда 81.3%-ға жоғары



Қазақстанға жалпы сомасы 5.1 млрд долларға (2021 жылдың 5 айында - 4.1 млрд доллар) машиналар, құрал-жабдықтар, көлік құралдары мен аспаптар импортталды



Өңірлік тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстаннан сыртқа ең көп экспорт Атырау өңірінен шығарылыпты (13.6 млрд доллар), ал ең көп шетелдік импорт Алматыға жеткізілген (5.1 млрд доллар)

Негізгі тұжырымдар



Ресей Федерациясы қазір де Қазақстанның негізгі сауда әріптесі: импорт - 6.6 млрд доллар, экспорт - 2.7 млрд доллар



Шикізаттық тауарлардың әлемдік бағасы өскенімен, олар бәрібір Қазақстанға сырттан әкелінетін, қымбат дайын тауарлардың бағасын өтей алмайды



Нақты айырбас бағамы (НАБ) Қазақстанның Ресеймен тауар айналымына әсер етпеді. Дегенмен нақты тиімді айырбас бағамының (НТАБ) бірден төмен түсуі сауда көлемі мен шартына кешуілдетіп болса да әсер етуі мүмкін



Қазақстанда тауарларды экспортқа шығаруда кедергілер жетерлік. Тауарлар қоржыны әлсіз артараптандырылған. Ал экспорттық өнімдердің құрылымында төменгі шектегі тауарлар (дәнді дақылдар, көкөністер, жемістер, тыңайтқыштар және т.б) басым



Мұнайды Еуропаға экспорттаудың негізгі жолының (Каспий құбыр желісі консорциумы) уақытша жабылып қалу қаупі сақталуда



Болашақта Қытай, Үндістан, Түркия және Орталық Азия мемлекеттері Қазақстан үшін тұрақты импорт көзіне және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттаудың тартымды нарықтарына айналулары мүмкін

Қазақстанның сыртқы саудасы 2015-2016 жылдардағы құлдыраудан кейін қайта қалпына келуде

Сыртқы сауда құрылымы


2021 жылы Қазақстанның тауар айналымының көлемі оған дейінгі жылмен салыстырғанда **17.4%-ға өсті**. Сөйтіп соңғы 8 жыл ішінде тұңғыш рет **100 млрд долларлық** межеден өтті. 2016 жылдан бастап, 2020 жылды (COVID-19 пандемиясы) қоспағанда, оң серпін байқатуда.

Алайда сыртқы сауданың көлемі бәрібір 2012-2014 жылдарға қарағанда төмен. Тауар айналымының, әсіресе экспорттың

қысқаруының негізгі себебі - **әлемдік шикізат нарықтарында төмендеу, қысқару үрдісінің орын алуы**. Мысалы, 2015 жылы Brent маркалы мұнайдың (біздің басты экспорттық тауарымыз) бір баррелі 50 доллардан төмен түсті.

Қазір нарықтың жағдаяты оң сипатта. Оған дәлел - 2021 жылдан бастап **энергия тасымалдаушылардан түсетін экспорттық табыстар қайта қалпына келуде**.

ҚР тауар айналымының соңғы 10 жылдағы серпіні, млрд доллар



Қытайға, Еуроодақ және Орталық Азия елдеріне тауар экспорттау көлемі айтарлықтай өсті


2022 жылдың қаңтар-мамырында ҚР сыртқы саудасы оған дейінгі жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **53.6%-ға өсті** (экспорт – 68.9%ға, импорт – 19.9%-ға). Бұған мұнайгаз нарығында бағалардың қымбаттауы және экспорт көлемінің артуы себеп болды.

Сонымен қатар нақты секторда тұрақты динамиканың сақталуы арқасында импорт көлемі де ұлғайды.

Ағымдағы жылдың 5 айы ішінде қазақстандық өнімдерді импорттау бойынша **Италия** Қытайды басып озып, көш басына шықты. Қазақстанның экспорттық құрылымында бұл елдің алар үлесі **18.4%-ды** құрайды. Ал Еуропа елдерінің жалпы үлесі ел

экспортының 52.8%-ын алып жатыр.

2022 қаңтар-мамырындағы сыртқы сауда (ЕЭО қатысуынсыз), млрд доллар



Дереккөз: ҰСБ, ҚР МҚД

Тауарларды Қытайдан импорттау - әдеттегідей басқа елдермен салыстырғанда басымдыққа ие (**36.6%**). Жалпы Қазақстанның алыс шетелдерден тауар импорттау құрылымы анау айтқандай өзгеріске ұшыраған жоқ.

2022 жылдың қаңтар-мамырындағы алдыңғы қатарлы 10 әріптес-ел, млрд доллар

ЭКСПОРТ			ИМПОРТ		
Ел	Үлесі	Үлесі	Ел	Үлесі	Үлесі
ИТАЛИЯ	18.4%	5.76	ҚЫТАЙ	36.6%	3.70
ҚЫТАЙ	16.4%	5.11	ГЕРМАНИЯ	6.3%	0.63
НИДЕРДАНДЫ	8.0%	2.49	КОРЕЙ РЕСПУБЛИКАСЫ	5.9%	0.60
ТҮРКИЯ	6.8%	2.12	АҚШ	5.2%	0.52
КОРЕЙ РЕСПУБЛИКАСЫ	5.6%	1.74	ТҮРКИЯ	4.7%	0.48
ӨЗБЕКСТАН	4.4%	1.37	ӨЗБЕКСТАН	4.3%	0.43
ИСПАНИЯ	3.7%	1.17	ИТАЛИЯ	3.4%	0.35
ФРАНЦИЯ	3.7%	1.15	ЖАПОНИЯ	3.2%	0.33
РУМИНИЯ	2.9%	0.89	ФРАНЦИЯ	2.8%	0.29
ГРЕЦИЯ	2.8%	0.88	ТӘЖІКСТАН	2.3%	0.24
ҚАЛҒАН ЕЛДЕР	27.4%	8.57	ҚАЛҒАН ЕЛДЕР	25.2%	2.55
Барлығы	100%	31.26	Барлығы	100%	10.11













Қазақстан негізінен шикізатты экспорттайды, ал импорт бойынша жоғары шектегі өнімдерді сатып алады*

Қазақстанның экспорттық өнімдерінің қоржыны әртүрлі: 2022 жылдың қаңтар-мамырында өнімдердің 71 түрі сыртқа шығарылған.

Негізгі табыс **отын-энергетикалық тауарлардан және металдардан** түсуде (сәйкесінше 69.2% және 13.7%).

Импорт бойынша тауар номенклатурасының кең спектрі қамтылған. Бәрінен бұрын мына тауарлар енгізілген: **дәрі-дәрмектер** (610 млн долларға), **автокөліктер** (481 млн), **телефондар** (454 млн), **есептеуіш техникалар** (390 млн), **киім-кешектер** (343 млн), **қосалқы бөлшектер мен жасақтауыштар** (300 млн).

2022 жылдың қаңтар-мамыры ішінде негізгі тауар топтары бойынша тауар айналымының құрылымы, млн доллар, жалпыдан %-дық үлесі

Тауарлар тобы	Экспорт		Импорт	
 Жануарлардан алынатын және өсімдік текті өнімдер, дайын өнімдік тауарлар	1 954.0	6.3%	913.8	9.0%
 Минералдық өнімдер	23 178.8	74.2%	373.2	3.7%
 <i>оның ішінде:</i> отын-энергетикалық тауарлар	21 629.9	69.2%	69.5	0.7%
 Химия және соған байланысты өнеркәсіп өнімдері	992.3	3.2%	1 963.1	19.4%
 Былғары шикізаты. Бағалы аң терілері және солардан жасалған бұйымдар	3.4	0.0%	27.9	0.3%
 Сүрек. Ағаш материалдары және целлюлоза-қағаз бұйымдары	7.4	0.0%	93.8	0.9%
 Тоқыма және тоқыма бұйымдары	40.2	0.1%	441.5	4.4%
 Аяқ киім. Бас киімдер және галантереялық тауарлар	0.3	0.0%	112.9	1.1%
 Құрылыс материалдары	7.1	0.0%	133.2	1.3%
 Металдар және солардан жасалған бұйымдар	4 291.3	13.7%	686.3	6.8%
 Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар	451.7	1.4%	5 106.1	50.5%
 Басқа да тауарлар	330.0	1.1%	253.9	2.5%
Барлығы	31 256.4	100%	10 105.7	100%

Дереккөз: ҰСБ, ҚР МКД

* Жоғарғы шек - өндіріс технологиясы күрделі, терең өңделген дайын тауарлар

Ресейден импорттау көлемі

6 574.5

млн доллар

Ресейге экспорттау көлемі

2 668.7

млн доллар


ЕЭО елдеріне экспорттау жалпы көлемнің бар болғаны 8.6%-ын құрады. 2022 жылдың 5 айы ішінде экспорт бар болғаны 2.4%-ға ұлғайды. Бұған негізінен Ресей Федерациясына жасалған экспорт есебінен (2.7 млрд доллар) қол жеткізілді.

Егер алыс шетелдерге аралық тауарларды экспорттауда мұнай басымдыққа ие болса, ЕЭО елдеріне шығарылатын тауарлар қара және түсті металдардан, бастапқы металлургиялық өнімдерден және бидай ұнынан құралған.

Өңірлер тұрғысында **импорт** едәуір әртараптандырылған. Жалпы импорттың **41%-ы ЕЭО елдеріне** бағытталған. Олардың ішінде 38.4%-ы Ресейге тиесілі. **Ресей Қазақстанның негізгі сауда әріптесі:** Ресейден жеткізілетін тауар көлемі 9.7%-ға артып, 6.6 млрд долларды құрады.

ЕЭО елдерімен сауда жасау жағдайы теріс сальдоға ие. Бұл елдерге жеткізілетін шиккізаттық тауарлардың бағасы олардан сатып алынатын дайын тауарлардың бағасын өтемейді.

2022 жылдың қаңтар-мамырында ЕЭО елдерімен өзара сауда-саттық, млн доллар



Экспорттық бағалардың өсіміне қарағанда импорттық бағалардың озыңқы өсімі сауда жағдайының нашарлығын көрсетеді


Сауда шарттары

2022 жылдың қаңтар-мамырында ҚР сауда шарттарының орташа өлшенген индексі бұрынғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда **2.9 пайыздық тармаққа** төмендеп, нашарлады. Алайда жыл басынан бері индекс құбылмалы сипатқа ие болды: наурызда ол рекордтық көрсеткіш - 113.5%-ға көтерілсе, мамырда 90.1%-ға түсіп кетті. Бұл энергия тасымалдаушылар бағасы мен ұлттық валюта бағамының күрт өзгергендігіне байланысты болып отыр.

Экспорттық бағалардың өсіміне қарағанда импорттық бағалардың озыңқы өсімі сауда жағдайының нашарлығын көрсетеді. Шикізаттық тауарлардың әлемдік бағасының өсуі Қазақстан сатып алатын дайын тауарлардың қымбаттауын өтей алмайды.

Егер жеткізілетін шикізаттардың нақты көлемі сауда теңгерімінің оң сальдасын қалыптастыра алатын болса, сауда шарттары 2022 жылдың сәуір-мамырында Қазақстанның сыртқы саудасының тиімділігі төмендегінен көрсетеді.

Сауда шарттарының индексі, %



НАБ* **НТАБ****
88.7 **74.2**

2022 жылдың қаңтар-мамырындағы орташа көрсеткіш

Тұтыну бағаларының өзгерісін ескере отырып (НАБ) айтар болсақ, рубльдің атаулы айырбас бағамының теңгеге қатысты өзгерісі Ресей мен Қазақстан арасындағы екі жақты сауда барысында **айқындаушы фактор болған жоқ.**


2022 жылдың алғашқы 5 айында сауда көлемі бұған дейінгі сәйкес кезеңмен салыстырғанда төмендеді. Бұған маусымдылық пен геосаяси жағдай себеп болуы мүмкін.

НТАБ наурыз айында 102.7%-ға өсіп,

кейін мамыр айында 76.4%-ға дейін түсті. Сол мерзімде өзара саудасаттық көлемінің өсуі жалғасып жатты.

НТАБ-тың төмендеуі **теңгенің валюта себетіне қатысты арзандағанын көрсетеді.** Демек, отандық өндірушілер ішкі және сыртқы нарықтарда анағұрлым қолайлы бәсекелі жағдайды бастан кешіп жатыр деген сөз. Алайда әзірге бұл туралы айтуға әлі ерте, және НТАБ кейінге қалдырылған әсерге ие болуы мүмкін.

Қазақстанның Ресеймен тауар айналымы, теңге/рубль НАБ, НТАБ, млрд доллар, %



Дереккөз: БНС, ҚРҰБ деректері, Jusan Analytics есебі

* НАБ - Нақты айырбас бағамы

** НТАБ - Нақты тиімді айырбас бағамы

2.12

PMR
(Product Market Regulation)
жалпы рейтингі

64

Экономикалық
еркіндік
рейтингі

87

Экономикалық
қиындық
индексі

Сауда көрсеткіштері мен рейтингтері

Халықаралық сауда рейтингтерінде Қазақстанның дамыған елдерге қатысты жайғасымы әлсіз.

Қазақстанда тауар нарықтарын реттеу бойынша PMR жалпы рейтингі 2.12 (ЭЫДҰ бойынша орташа - 1.38) құрады, «Ішкі және сыртқы нарықтарға шығуға кедергілер» компоненті бойынша – 1.48 (ЭЫДҰ бойынша орташа – 1.16).

Өндірістік құрылымда **сауда еркіндігі** және **экономикалық қиындықтар индекстері бойынша** Қазақстан сәйкесінше **64-ші 87-ші** орынға ие. Демек, Қазақстанда тауарды сыртқа шығаруда белгілі бір кедергілер бар, себеп әлсіз әртараптандырылған, ал экспорттық өнімдер құрылымында төменгі шектің тауарлары басымдыққа ие*.

Қазақстанның 2021 жылғы сауда көрсеткіштері мен рейтингтері

Атауы	
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттау, млрд долларов	51.7
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттау, ЖІӨ-ден %	30.2%
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді импорттау, млрд доллар (2010 жылғы бағалар)	44.5
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді импорттау, ЖІӨ-ден %	26.0%
Ағымдағы шоттың балансы, ЖІӨ-ден %	-3.8
Жалпы PMR, 2018 жылғы тауарлар нарығын реттеу	2.12
«Ішкі және сыртқы нарықтарға шығуға кедергілер»	1,48
Экономикалық еркіндік рейтингі (Economic Freedom)	64.4 (рейтинг - 64)
Сауда еркіндігі (Trade Freedom)	75.4
Экономикалық қиындық индексі	-0.19 (рейтинг - 87)

Дереккөз: ҚР ҰСБ, Дүниежүзілік банк, ЭЫДҰ, The Heritage Foundation

* Тауарлардың төменгі шегі - технологиялық күрделілігі төмен және өңделуі қарапайым, көпшілігі кейінгі өндірістерде аралық өнімдер ретінде қолданылатын тауарлар

Мұнайды Еуропаға экспорттаудың негізгі жолының (Каспий құбыр желісі консорциумы) уақытша жабылып қалу қаупі сақталуда

Қауіп-қатерлер мен тәуекелдер

Әлемдік экономиканы аймақтандыру, сондай-ақ сыртқы экономикалық және сыртқы саяси жағдаяттың құбылмалылығы жағдайында Қазақстанның сауда-саттығы көптеген тәуекелдерге бейім:

- **Тауар жеткізу тізбектерінің бұзылуы**

COVID-19 пандемиясы салдарынан логистикалық жеткізілімдер тізбегі едәуір бұзылды. Бұл Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыс аясында ушыға түсті. Қазақстан үшін мұнайды Еуропаға экспорттаудың негізгі жолының (Каспий құбыр желісі консорциумы) уақытша жабылып қалу қаупі сақталуда.

- **Энергия тасымалдаушылар бағаларының құбылмалылығы**


Мұнай мен газ елдің негізгі экспорттық жайғасымы болғандықтан, әлемдік нарықтардағы жағдай Қазақстанның сауда балансына тікелей әсер етеді.

- **Екінші қайтара санкцияларға ұшырау қаупі**

Қазақстанның экспорттаушы компаниялары санкциялық тізімдегі компаниялармен ынтымақтасқаны немесе санкцияға ұшыраған тауарларды Ресейге экспорттағаны үшін екінші қайтара санкцияларға тап болуы мүмкін

Басқа да тәуекелдер:

- **Жоғары көлік шығындары**
- **Шикізаттың жоғары бағасы**
- **Көлеңкелі экономика**
- **Қара ниетті бәсекелестік**
- **Ескірген өндірістік технологиялар**



ЕЭО және ДСҰ аясында сауда жасау шарттары едәуір өзгереді

Келешектер мен үрдістер

Әлемдік ахуалдың дембе-дем өзгеруіне қарамастан, Қазақстанда бай шикізаттық базаны сыртқы сауданы кеңейтуге және әртараптандыруға пайдалану үшін барлық жағдай бар. Шикізаттық тауарлардың бағасы болашақта да тұрақсыз бролып қалуы мүмкін, бірақ орта мерзімді келешекте табиғи ресурстарға деген сұраныс Қазақстанның экономикасының дамуы үшін маңызды фактор болып қала бермек.

Шикізаттық тауарлар легін пайдалана отырып, Қазақстанда экспорттық тауарлар қоржынын кеңейтіп, орта және жоғарғы шектегі өнімдердің үлесін арттыру және жаңа өткізу нарықтарын ашу қажет

COVID-19 пандемиясынан кейін елдер ғаламдастыру идеясынан біртіндеп алшақтап, аймақтық бірлестіктерге жіті көңіл бөле бастады. Қазақстан үшін жақын көршілермен тығыз қарым-қатынас жасау экономиканы дамытуға жаңа серпін беруі мүмкін. Болашақта Қытай, Үндістан, Түркия және Орталық Азия мемлекеттері Қазақстан үшін тұрақты импорт көзіне және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттаудың тартымды нарықтарына айналулары мүмкін.

Сауда шарттары бойынша құрылымдық өзгерістер орын алуда. Қазақстанның сауда саясаты ЕЭО және ДСҰ аясында өзгеріске ұшырауда.



Автор: Сураганов Аят (a.suraganov@jusan.kz)

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz

Жауапкершіліктің шектелуі:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Аталмыш материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз. Біз оқырмандардың дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін жауапты болмаймыз.

«Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

© 2022 ж., барлық құқықтар қорғалған.



JUSAN ANALYTICS